

# КӘСІПКЕРЛІК: ТЕОРИЯ, ПРОЦЕСС, ПРАКТИКА

## Кәсіпкерлік венчурдің құқықтық құрылымы

3-тарау. Кәсіпкерлік жоспарын әзірлеу



**Дәрістің мақсаты:** кәсіпкерлік венчурдің құқықтық құрылымын қарастыру.

**Дәріс сұрақтары:**

- 1) ұйымның құқықтық формаларын қарастыру: жеке кәсіпкерлік, серіктестік және корпорация;
- 2) ұйымның үш заңды формасының артықшылықтары мен кемшіліктерін қарастыру;
- 3) шектеулі серіктестік пен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ерекшеліктерін зерттеу;
- 4) S-корпорацияның жұмысы мен қызметін қарастыру;
- 5) жауапкершілігі шектеулі компаниялар, B-корпорациялар, табысы төмен жауапкершілігі шектеулі компаниялар және басқа да корпорация түрлерін анықтау.

Келешегін ойлайтын кәсіпкер өз венчуінің талаптарына сәйкес құқықтық формасын анықтауы қажет. Мұндай мәселе салық заңнамасына, капиталдың қолжетімділігіне және бизнес формасының күрделілігіне байланысты туындайды. Ұйымның құқықтық формаларын анықтауда кәсіпкер мынадай факторларды ескергені жөн:

- Бизнес-ұйымның қай формасын жеңіл ұйымдастыруға болатыны.
- Бизнес-ұйымның формасын ұйымдастыруға кететін қаржы көлемі.
- Істі дамытуға әсер етуі мүмкін құқықтық шектеулер.
- Таңдалған ұйым формасына салық әсері.
- Таңдалған форманың иесіне артар жауапкершілігі.

Ұйымның жеке кәсіпкерлік, серіктестік және корпорация деген бастапқы үш формасы бар. Әрқайсысының артықшылықтары мен кемшіліктері болады. Біреуін біреуінен артық деп айту қиын. Ұйым формасын таңдауда кәсіпкердің жеке жағдайы мен талаптары қарастырылады.

## Жеке кәсіпкерлік

Жеке кәсіпкерлік – жеке бір адамның бизнеске иелік етуі және жүргізуі. Иесі жоқ кәсіпорынның жұмысы тоқтайды. Осы жеке тұлға венчурдің барлық табысына құқығы бар және кәсіпорынның бүкіл шығындары мен қарыздарын өз мойнына алады. Сондай-ақ осы тұлғаның жеке өзінің құқықтық жауапкершілігі шектеусіз, яғни кәсіпкердің жеке ақшасы өзінің капиталы болып есептеледі. Компания қарызға батса, онда иесі жеке отбасылық мүлкін сатып, кредиторлардың ақшасын қайтаруға мәжбүр болады.

Кәсіпкер жеке кәсіпкерлік құрмас бұрын, сол кәсіпті бастау үшін жергілікті және мемлекеттік лицензия алуы тиіс. Иесі жалған немесе болжамды атау таңдаса, сертификат аларда сол атаумен алғаны жөн. Жеке кәсіпкерлік құру оңай болғандықтан, бизнес ұйымының осы формасы кең таралған.

## Жеке кәсіпкерліктің артықшылықтары

Жеке кәсіпкерліктің артықшылықтары мынадай:

- Құру оңай. Бизнес ұйымының осы формасын құруда басқаларға қарағанда құқықтық рәсімдеулер мен шектеулері аз. Мемлекеттің қолдауына аса мұқтаж емес, әдетте басқа бизнес ұйымдарының формаларына қарағанда төлемдері де қымбат емес.
- Табысқа жалғыз қожайын ие болады. Кәсіпкер табысты басқалармен бөліспейді.
- Бір иеленушіге берілетін бақылау мен шешім қабылдау. Венчур иеленуші шешімдерді өзі қабылдап, серіктестерімен ақылдаспайды.
- Икемділік. Жеке кәсіпкер басқару барысында қажетіне қарай күнделікті мәселелерін түрлі заңдарға сүйеніп, ақылмен тез шешуде икемді болады.
- Мемлекеттік бақылаудан салыстырмалы еркіндік. Қажетті лицензияларды талап етуден басқа, венчур шаруаларына мемлекет өте қажет жағдайда ғана араласады.



• Корпоратив бизнес салықтарынан еркіндігі. Жеке кәсіпкер салықты бизнес ұйымы ретінде емес, жеке тұлға ретінде төлейді.

### Жеке кәсіпкерліктің кемшіліктері

Жеке кәсіпкерліктің өзіне тән кемшіліктері:

- Шектеусіз жауапкершілік. Жеке кәсіпкер кәсіпкерліктің барлық қарыздарына жалғыз өзі жауап береді. Бұл жауапкершілік меншік иеленушінің барлық активтеріне қолданылады.
- Үздіксіз жұмыстың болмауы. Венчур иесі ауырып қалса немесе өмірден өтсе, бұл жағдай кәсіпорынның тоқтауына немесе тоқырауына әкелуі мүмкін.
- Аз мөлшерде капиталмен қамтамасыз ету қиындықтары. Әдетте серіктестік пен корпорациялар қолжетімді капиталға ие бола алады. Алайда жекеменшік иесінің ондай капиталға жету мүмкіндігі жоқ.
- Ұзақ мерзімге қаржыландыруды қамтамасыз ету қиындықтары. Кәсіпорынның жалғыз иесі болғандықтан, ол ұзақ мерзімге қаржыландыруды қамтамасыз ету қиындықтарына тап болады.
- Кәсіпорын иесінің бір жақты көзқарасы мен тәжірибесінің аздығы. Кәсіпорындағы жұмыс бір адамның қабілетіне, білімі мен тәжірибесіне байланысты болғандықтан, бұл жағдай венчурдің бағыты мен ауқымын шектейді.

### Серіктестік

Серіктестік – «Серіктестік туралы заң» бойынша екі немесе одан да көп тұлғаның бірлесіп бизнес жүргізу және одан пайда табу үшін құрылған бірлестігі. Әрбір серіктес бірлескен кәсіпорынға қаржылай үлес қосып, мүлкін салып, еңбек етіп, іскерлік дағдылары мен тәжірибесін жұмылдырады. Сондай-ақ венчур серіктестеріне пайда мен шығын ортақ.

Әсіресе талап етілмесе де, серіктестіктің жазбаша келісімшарты орындалады. Себебі басқаша келіспесе, соттар тең серіктестікті, яғни пайда, шығындар, активтер, басқару және бизнестің басқа да аспектілерін теңдей бөлісуді қолдайды.

Серіктестіктің жарғы баптарында олардың қаржылай және басқарушылық жарналары айқындалған, серіктестіктегі рөлі мұқият қарастырылған. Жарғының баптарында келісімнің ұзақтығы; серіктестердің түрі; пайда мен залалдарды бөлу; жалақы; серіктестің өмірден өтуі; билік; дауларды шешу; сондай-ақ, серіктестіктің толықтырулары мен өзгерістері туралы жазылған.

Жазылған баптардан бөлек, кәсіпкерлер серіктестерге қатысты әртүрлі келісімдерді қарастыруы керек. Мысалы, әр серіктестің құйған қаржысына байланысты пайыз үлесі, әрқайсысының басқарудағы бақылау мөлшері мен міндеттемелері толық айқындалуы қажет. Сонымен қатар серіктестіктің келісімшартында кәсіпорынның барлық борыштарына жауапты жауапкершілігі шектеусіз кем дегенде бір негізгі серіктес тағайындалғаны туралы жазылған.

Серіктестіктің артықшылықтары:

- Өсу мен өнімділікке жету мүмкіндіктері бар. Жеке кәсіпкерліктен гөрі серіктестікке капитал тарту мүмкіндігі көбірек және тәжірибенің әртүрлілігі де серіктестікте жиі кездеседі.
- Бейімделуі оңай. Серіктестік бизнестің қажетіне қарай күнделікті шешім шығаруда икемді болады.
- Мемлекеттік реттеулер мен бақылаулардан салыстырмалы түрде еркін. Оның ісіне мемлекет өте қажет жағдайда ғана араласады.
- Салық жеңілдігі. Көп серіктестіктер корпорацияға тән жоғары салық мөлшерінен қашу үшін жеке тұлға ретінде төлейді.



## Серіктестіктің кемшіліктері

Серіктестіктің өзіне тән кемшіліктері:

- Шектеусіз жауапкершілік кем дегенде бір серіктеске беріледі. Алайда өзгелерінің жауапкершілігі шектеулі. Кем дегенде бір серіктес шектеусіз жауапкершілікті мойнына алатын негізгі серіктес ретінде танылады.
- Үздіксіз жұмыстың болмауы. Күтпеген жерден серіктестің біреуі қайтыс болса немесе бизнесті тастап кетсе, оның келісімшарты тоқтатылады. Бірақ бизнесті қалған серіктестер мен жаңалары жалғастыруы мүмкін.
- Көп қаражат тарту қиындықтары. Көп серіктестік ұзақмерзімді қаражат тартылған жағдайда капитал көлемін арттыруда қиындықтарға ұшырайды. Әдетте бастапқы кезде, серіктестердің ұжымдық байлығы келешектегі қаржы көлемін арттыруға нұсқау беріп отырады.
- Серіктес әрекеттерінің бірге жұмыс жасауға ықпалы. Негізгі серіктес келісімшарттар мен міндеттемелер арқылы кәсіпорынға кері ықпалын тигізуі мүмкін. Мұндай жағдайлар кәсіпорынға және басқа серіктестерге де залалды болады.
- Серіктестердің мүддесін айқындап алу қиындықтары. Олардың әр қадамы келісімшартта бекітілуі керек.

## Корпорация

Американың Жоғарғы сот мүшесі Джон Маршалдың сөзімен айтсақ, «корпорация – заңның ұзақ жетілуі арқасында пайда болған жасанды, көрінбейтін, сезілмейтін құрылым». Ол – оған иелік ететін адамдардан бөлек тұратын заңды мекеме. Корпорация мемлекеттік заңның өкілеттігі негізінде құрылған. Әдетте корпорацияда ықтимал акционерлер арасында ақша не мүлік трансфері жүріп, оны корпорация акцияларына айырбастау нәтижесінде пайда болған мекеме. Корпорация құруға қажет рәсім-тәртіптер: 1) капитал акциялары тіркеліп, уақытша ұйым құрылады, 2) корпорация құрылған штатта өкілетті мүше тарапынан мақұлданады.

Корпорацияның жарғысында оның құқықтары мен шектеулері бекітілген.

## Корпорацияның артықшылықтары

Корпорация құрудағы артықшылықтар:

- Жауапкершілігі шектеусіз емес. Жеке тұлғаның инвестициясына қатысты акционердің жауапкершілігі шектеулі.
- Меншік трансфері мүмкіндігін береді. Ол акцияны сату арқылы жасалады.
- Өмірі шексіз. Компания жеке өмір сүреді, өмір сүру уақыты иелеріне тәуелді емес, шексіз және белгісіз.
- Үлкен көлемдегі капиталды сақтау салыстырмалы түрде жеңілірек. Капиталды негізгі акционерлердің жеке кепілдік жасауы арқасында, облигациялар мен акциялар шығару және қысқамерзімді несиелер алу арқылы шоғырландыруға болады.
- Даму қабілеттігі мен тәжірибе алмасу мүмкіндіктері бар. Корпорация жекелеген адамның тәжірибесі мен қабілетіне жүгінеді, бұл процеске акционерден бастап, менеджер мамандарға дейін атсалысады.

**Серіктестіктер және корпорациялар: ерекше формалары**

### Шектеулі серіктестік

Шектеулі серіктестік – басқаруға таласы жоқ, шығындар үшін жауапкершілік алмайтын, бастапқы қаржыландырудан бөлек капитал инвестициясын қажет ететін ұйым формасы. Мұндай ұйым шығындар үшін жауапкершілік талап етпей, табысты бөлісуді талап етеді.



Шектеулі серіктестік бірыңғай заңмен басқарылады. Заң (1) жалпы ережелер, (2) құрылуы, (3) шектеулі серіктестіктер, (4) негізгі серіктестер, (5) қаржы, (6) тарату мен айырулар, (7) серіктестік мүдделерін айқындау, (8) тарауы, (9) шетелдік шектеулі серіктестіктер, (10) туынды әрекеттер және (11) тағы да басқа сұрақтар қамтылатын бөлімнен және тармақтан тұрады. Егер ол заңды ұйым ретінде тіркелгісі келсе, серіктестер аталмыш заңды жақсылап қарап шығуы керек.

### Жауапкершілігі шектеулі серіктестік

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ЖШС) – кәсібилерге салықтан пайда көруге және басқа серіктестердің қателіктеріне байланысты жауапкершілікті алмауға мүмкіндік беретін серіктестіктің жаңа түрі.

Кәсібилер тобы ЖШС құрса, кінәсі жоқ жаңа серіктестер басқа серіктестердің заңсыз іс жасағандарына жауап беруден босатылады.

ЖШС жауапкершілігі шектеулі компанияға ұқсайды. Айырмашылығы – ЖШС негізінен серіктестік негізде бизнес жүргізетін нағыз кәсіпқойларға арналған. ЖШС да, ЖСК да штаттағы статусына сәйкес құрылып, соған сәйкес жұмысын жүргізу керек.

Кәсіпқойлар арасында мұндай серіктестіктің кең таралуы себептерінің бірі – оны құру процесі оңай.

Серіктестікті ЖШС-ға ауыстыру оңай, себебі ұйым құрылымы өзгермей, сол күйінде қалады. Сонымен қатар екеуіне де заң мен ережелер ортақ.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік – шектеулі серіктестіктің жаңа нұсқасы. Ол шектеулі жауапкершілік мәртебесін барлық серіктестер мен негізгі серіктестерге қатысты қолданылады. Негізгі серіктестердің осы жауапкершілік статусына қарамасақ, шектеулі серіктестік пен ЖШС бірдей.

### S-корпорация

Бұрын Subchapter-корпорация деп аталған S-корпорация өз атауын Халықаралық табыс кодының S деп аталған кіші бөлімінен алады. Бұл бөлім аясында кәсіпкерлер корпорацияға салынатын салықтардан босатылу мүмкіндігін қолдана алады. Сонымен қатар корпорация ұйым формасының барлық игіліктері мен артықшылықтарының пайдасын да көреді.

Сонымен, S-корпорация серіктестік сияқты салық төлейді. Салық төлеу басқармасында тек акционерлердің табысын көрсететін ақпарат формасы ғана тіркеледі. Мұндай корпорацияларда салық еселену мәселесі жойылады. Корпорация жеке табысы үшін салық төлемейді, бірақ бұл қаражат табыс салығы үшін салық төлейтін акционерлердің кіріс табысына түседі.

Мына нұсқаулар әсіресе шағын бизнеске ғана емес, S-корпорациялар үшін де пайдалы:

1. Корпорация жергілікті болуы керек.
2. Корпорация біріккен корпорациялар тобының мүшесі болмауы қажет.
3. Жеке адам, жылжымайтын мүлік және кейбір трестер акционер бола алады. Корпорациялар, серіктестіктер, біліксіз трестер акционер емес.
4. Корпорацияда 100 немесе одан кем акционер болуы керек.
5. Корпорацияның бір класты акциясы болғанымен, барлық акционерлерде дауыс беру құқығы бірдей болуы қажет емес.
6. Резидент емес адам корпорация акционері бола алмайды.

S-корпорацияның бірнеше пайдалы тұсы бар. Мәселен, корпорация шығынға ұшырағанда, S-корпорация акционерлеріне оны салық төленетін табысы есебінен өндіріп алуға рұқсат береді. Корпорацияға қарағанда S-корпорация акционерлерінің салық төлеу деңгейі төмен болса, S бөлімінің ережесі бойынша оның табысы акционерлердің салық төлеумен шектеледі.

Корпорацияның тапқан табысы болашақ мақсаттарға арнап қаржы жинағысы келгенде қолайлы жағдай жасайды.



S-корпорация өз табысынан салық төлейді, бұл салық жылдың соңында акционер табысынан төленеді. Кей кезде S-корпорация акционерлердің салық төлемдерін кейінге қалдыруға рұқсат ететін есеп беретін жылды таңдай алады.

Мұның маңызды болатын себебі әлі келіп түспеген табыс үшін корпорацияның есеп беру уақытына дейін салық төленбейді. Сондай-ақ S-корпорацияда акционер өзінің акциясын салынатын салық мөлшері аз қоржыны бар өзге отбасы мүшесіне берсе болады. Әрі ол алты ұрпаққа дейін акционер ретінде сайлана алады. S-корпорация салық салынбайтын корпорациялық пайда ұсына алады. Бұл пайда акционерлер үшін федералдық салық жинақтарын білдіреді.

## Жауапкершілігі шектеулі компаниялар

1977 жылдан бері штаттар санының көбеюі жауапкершілігі шектеулі компания сияқты ұйым формасының пайда болуына әкелді. ЖШК салық төлеуде серіктестік сияқты артықшылықтары бар жауапкершілігі шектеулі корпорацияның гибриді.

ЖШК-нің басты артықшылығы – кәсіпорын үшін салық төлемеуі; табыс ЖШК «арқылы өткізіліп», компания мүшелері салықты жеке төлейді. Тағы бір артықшылығы – мүшелері қосқан қаржы көлеміне қатысты жауапкершілік шектеулілігі. ЖШК-да мүшелер басқару ісіне толықтай араласады, штат мәртебесінің нәтижесінде – фирманың басқарушылары ЖШК мүшесі болмаса да болады. Басқа да бір айырмашылығы – корпорация, серіктестік және шетелдік инвесторлар ЖШК мүшесі бола алады. Сондай-ақ акционерлерінің санына шектеу жоқ.

ЖШК кемшілігі салыстырмалы түрде аз. Ең үлкен кемшілігі – ЖШК мәртебесі әр штатта әрқалай, бірнеше штатта жұмыс жүргізетін ЖШК қиындықтарға тап болуы мүмкін. Осы мәселеге орай 2006 жылы біркелкі штат заңы негізінде комиссарлардың ұлттық конференциясы Қайта қаралған біркелкі ЖШК туралы заңын ұсынды. 2011 жылы тоғыз штат қана бұл заңды қабылдады. Барлық штаттар бұл заңды қабылдағанға дейін, бір штаттың ЖШК-сі басқа штатта бизнес жүргізетін болса, сол штаттағы ережелерді зерттегені жөн.

## В-корпорация

Бұрынғы дәрісімізде талқыланғанымыздай В-корпорация – АҚШ әлеуметтік жауапкершілікті корпорация ретінде таныған жаңа заңды мекеме. Сертификатталған В-корпорациялар – әлеуметтік және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешудегі жаңа бизнес түрі. В Lab деген – В-корпорацияларды сертификаттайтын коммерциялық емес ұйым. В-корпорациялар екі маңызды мәселеге назар аударады:

1. Корпорация заңы шешім қабылдарда қызметкерлердің, қоғамның және қоршаған ортаның мүдделерін бірге қарауды қиындатады.
2. Транспаренттік стандарттар сәтсіздігі компанияның әлеуметтік белсенділігі мен жақсы маркетинг аражігін айыруда қиындық тудырады.

В-корпорацияның заңды құрылымы корпоратив жауапкершілікті кеңейтеді, сондықтан олар акционерлерге ғана емес, қоғам үшін де жақсы шешімдер қабылдауы керек. В-корпорацияның жұмыс істеу стандарттары клиенттерге өз құндылықтарына сәйкес келетін бизнесті қолдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ В-корпорациялар инвесторларды капитал ықпалдылығын және тиімділігін арттыруға, үкімет пен мультиұлттық корпорацияларды тұрақты сатып алу саясатын іске асыруға бағыттайды.

В-корпорацияның нақты талаптары бар, оның ішінде:

1. Жан-жақты, ашық әлеуметтік және қоршаған ортаны қорғау тиімділік стандарттары.
2. Құқықтық есеп берудің жоғары стандарттары.
3. Тұрақты бизнесті қолдау үшін мемлекет саясатын жүргізетін мекемелермен қарым-қатынас орнату.



60 өндірістің ішінде 500-ден аса В корпорация сертификатталды. Олар әртүрлі болуы мүмкін, бірақ мақсаттары бір: бизнестегі жетістікті қайта анықтау. В ықпалы баяндамасы арқылы кез келген адам олардың өнімі негізінде жасалған, жасалып жатқан әлеуметтік және экологиялық әрекеттерді біле алады.

### **L3C – Табысы аз жауапкершілігі шектеулі компания**

Табысы аз жауапкершілігі шектеулі компания, басқаша айтқанда L3C – табысты көздейтін және әлеуметке пайдалы ұйымдарды қаржымен қамтамасыз ететін құрылым.

2008 жылы Вермонт табысы аз жауапкершілігі шектеулі компанияны заңды корпоратив құрылым ретінде таныған бірінші штат болды. Содан кейін Джорджия, Монтана, Мичиган және Солтүстік Каролина штаттарында осындай заңнама таныстырылды. Қазір АҚШ штаттарында табысы аз жауапкершілігі шектеулі компания (ТаЖШК) заңды деп танылған, себебі ол әлеуметке пайдалы кәсіпкерлікке/венчурге жеке инвестиция мен қайырымдылық капиталдарын тартуға негізделген. ЖШК-дан айырмасы – ТаЖШК-ның негізгі мақсаты табыс табу емес, бұл компанияның ерекше қайырымдылық миссиясы бар. Дегенмен ТаЖШК қайырымдылық ұйымы емес, себебі салық төлегеннен кейінгі қалған табысты иелеріне немесе инвесторларға береді.

Оның басты артықшылығы – «бағдарламаға инвестиция жасау (БИЖ)» ерекшелігі. Бұл – әлеуметтік пайданы көздейтін қандай да бір қордың миссиясымен дәйектелген инвестиция дегенді білдіреді. Себебі қор тек БИЖ ерекшелігі бар белгілі табыс табуды көздейтін венчурге ғана тікелей инвестиция бере алады. ТаЖШК өз келісімшартында БИЖ ерекшелігіне қатысты екенін атап өтеді, бұл ерекшелік қорға кәсіпорынның әлеуметтік мақсатын анықтауға көмектеседі әрі салықтан босату мүмкіндіктерін береді.

ТаЖШК қайырымдылық және оқыту мақсаттарын жүзеге асыру үшін түрлі көздерден жеке капитал жұмылдыра алады.

Ол ЖШК сияқты серіктестердің қажеттіліктеріне қарай меншік құқықтары қарастырылған икемді серіктестік құруға қабілетті. Бұл икемділік көп деңгейлі меншік құрылымын құруға мүмкіндік береді. Аталмыш қорлар тәуекелге барып, БИЖ ерекшелігі арқылы аз көлемде қаржыландыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар басқа инвесторларға ықпал етіп, тәуекелдің өсуіне жол бермей, табыстың артуына әкеле алады.

ТаЖШК қалған мүшелері нарықтағы басты инвесторларды тарту үшін тәуекел/қайтарым деңгейін нарыққа шығаруына болады. Соңындағы нәтиже: ТаЖШК БИЖ ерекшелігі арқылы кең көлемдегі инвестицияға кірудің құралы ретінде қолданылады. Стандарт ЖШК сияқты ТаЖШК табыстары мен шығындары оның мүшелері арқылы жүреді және салық әр инвестордың салық төлеу жағдайына қарай алынады.

### **Түйін**

Бұл дәрісте жеке кәсіпкерлік, серіктестік және корпорация сынды үш заңды ұйым түрі қарастырылды. Әрқайсысының артықшылықтары мен кемшіліктері сарапталып, салыстырылды. Сондай-ақ серіктестіктердің және корпорациялардың негізгі сипаттары мен салық төлеудегі ерекшеліктері туралы айтылады.

Серіктестіктердің және корпорациялардың ерекше формалары қарастырылды. Атап айтқанда, шектеулі серіктестік, ЖШШС, S-корпорация, ЖШК, В-корпорация мен ТаЖШК талаптары мен тиімді тұстары атап көрсетілді.